

17. Klebanov D. A., Belyh K. V. Cifrovoe gornoe predpriyatie. Novye vyzovy i podhody v upravlenii proizvodstvom //Zoloto i tekhnologii. –2017. –№ 3 (37). –S. 106-109.

## Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін цифрландыру

С.Ш.Мамбетова<sup>1</sup>, Н.С.Жүніс<sup>2</sup>

Менеджмент кафедрасының профессоры, э.ғ.к.,  
«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша 2 курс магистранты  
[sagynysh.2012@mail.ru](mailto:sagynysh.2012@mail.ru), [nurshat\\_s@inbox.ru](mailto:nurshat_s@inbox.ru)

<sup>1,2</sup> академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Мақалада Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін цифрландыру бағдарламасы қарастырылған. Агроөнеркәсіптік кешенді толыққанды түрде цифрландырудың төрт бағытына көңіл бөлінген. Цифрландыру бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан жұмыстар мен шаралар, күтілетін нәтижелер баяндалған.

Кілт сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, мемлекеттік басқару, мемлекеттік қолдау, мемлекеттік реттеу, цифрландыру.

Агроөнеркәсіптік кешен - ұлттық экономиканың айрықша салаларының бірі саналады. Әлемнің дамыған елдерінде ауыл шаруашылығы экономиканың маңызды саласы болғандықтан, агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға көптеп көңіл бөлінуде [1].

Аграрлық салаға мұншалықты деңгейде көңіл бөлінуі, халыққа қажетті азық-түлік өнімдерін өндіретіндігіне, жұмысшы күштерін толықтырып, тиісінше өндірістік мақсаттағы өнімдермен қамтамасыз ететіндігімен түсіндіріледі. Көпшілік жағдайда, ауыл шаруашылығы саласының даму деңгейі, ел экономикасының даму көрсеткішін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешені ашық та, біртұтас жүйе болып табылады. Ол өз кезегінде бірқатар құрылым құраушы элементтерден тұрады. Агроөнеркәсіптік кешенді алға қарай дамыту, ең бірінші кезекте мемлекеттік өзін-өзі реттеу жүйесіне, басқару механизмінің дұрыс құралуына тікелей байланысты[2].

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы саласын цифрландыру жұмыстарын жүргізу өз деңгейінде игеріліп жатқан жоқ. Оған мысал, ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жерлерді нысаналы мақсатында игере алмай отыруымыз және ауыл шаруашылығы өнімдерін нарыққа сапалы, қолжетімді түрде шығара алмауымыз. Сондықтан да, агроөнеркәсіптік кешенге цифрландыру бағдарламасын енгізудің маңызы зор. Ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған «Цифрландыру» бағдарламасы аясында еліміздің өсімдік шаруашылығы саласына «Telematiks» жүйесін енгізу көзделген. Бұл аталған жүйенің көмегімен егін орағында жұмыс жасайтын комбайнның немесе трактордың жұмыс жылдамдығын және қандай алқапта жүргендігін, қанша түсім жинап, қандай көлемде жаңар-жағар май қолданғанын анықтауға болады. Егіс алқабын бақылау, барлау және талдау үшін дрондарды да қолдану алға қойылған. Мал шаруашылығы саласында GSM навигаторларын қолдану арқылы мал басының жайылымның қай тұсында жүргенін, қанша км қашықтықта екенін көруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерін сату және сатып алу үшін электронды сауда алаңы қалыптастыру мақсатында Е-коммерция жобасы іске асырылуда. Егер, цифрландыру бағдарламасы іске асырылатын болса, алдағы уақытта Республика деңгейіне 20 цифрлы ферма мен 4000 ферма құрылып, электронды коммерцияның үлесі 3%-дан, 20%-ға дейін арттырылмақ[3].

Қазіргі таңда, ауыл шаруашылығы саласында цифрлық технологияларды қолданатын, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің үлесі төмен. Бұл аталған жағдай ауыл шаруашылығы өнімдерінен түсетін өнімділіктің төмендеуіне, шығындардың ұлғаюына ықпал етеді. Ауыл шаруашылығы саласында цифрландыру шараларының толыққанды түрде

жүргізілмей отыруына цифрландыру жұмыстарын жүргізу үшін ауылдық жерлерде білім мен дағдының болмауы, білімді мамандардың жетіспеуі, интернет желілерінің тұрақсыздығы мен әлсіздігі, бірыңғай цифрлық жүйенің болмауы басты себеп болып отыр.

Ауыл шаруашылығы саласын цифрландырудағы негізгі атқарылатын жұмыстарға тауар өткізетін цифрлық платформаларды құру жатады. Тауар өткізетін платформаларды құру арқылы нарыққа тауар өнімдерін жеткізудегі теңгерімнің сақталуына, өнімнің қадағаланып отыруына, яғни қауіпсіздігіне және делдалдық, логистикалық көрсетілетін қызметтерге арналған шығындарды оңтайландыруға қол жеткізе аламыз.

Еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін цифрландыру мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен процесстерді автоматтандыруға және мемлекет тарапынан көрсетілетін қаржылай қолдау шараларын электронды түрде алуға мүмкіндік береді. Агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру арқылы мемлекеттік бағдарламалар мен субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі қалыптасып, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін ақпараттық қызметтер көрсетіліп, ауыл шаруашылығы өнімдерін бақылау жүйесі енгізіледі[4].

Ауыл шаруашылығы саласында орын алып отырған көлеңкелі экономиканың алдын алып, қысқарту мақсатында цифрландыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

Бүгінгі таңда, еліміздің Ауыл шаруашылығы министрлігі, ауыл шаруашылығы саласының бір бөлігі агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру мақсатында агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру және өндірістік саланы қайта жарақтандыру сынды жүйелі жұмыстарды атқаруда. Агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру арқылы мемлекеттік реттеудің төрт бағытын орындау көзделген. Цифрландыру шараларына сәйкес, агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру арқылы су және биоресурстарды тиімді басқаруға, өткізу нарығы мен экспортты дамытуға, сонымен қатар агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржыландырудың қолжетімділігі мен мемлекеттік бақылаудың, қадағалаудың тиімділігін арттыру жоспарланған. Осы аталған бағыттар бойынша, 2019 жылдан бері «Егістіктен үстелге» қадағалау жүйесі енгізіліп, балық, өсімдік және мал шаруашылығы өнімдері бақылауға алынған. Цифрландыру бағдарламасы аясында фермерлерге нақты егіншілік элементтерін енгізу арқылы ауыл шаруашылығынан түсетін өнімділікті жақсартып, кешенді түрде ауыл шаруашылығы шығындары 25%-ға дейін төмендетілуде.

Нақты егіншілік элементтеріне: ауа райының нақты деректері, космониторинг пен сенсорлар, датчиктер, электронды карталар жатады. Соңғы жылдары, ауыл шаруашылығы саласында «Smart» технологияларды қолдану алға қойылуда. «Smart» технологиялар арқылы жылыжайларды дербес басқару, мал басына мониторинг жүргізу, онлайн түрде шығындарды есептеу, талдау жұмыстары орындалуда.

Агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру фермерлерді үш топқа бөлу арқылы жүзеге асырылып жатыр.

Бірінші топ-қажетті инфрақұрылымы бар, қазірдің өзінде өз өнімдерін цифрландыруға дайын фермерлер.

Екінші топ-техникалық жабдықталу деңгейі жоғары және жоғары технологиялық жабдықтауды енгізумен айналысатын фермерлер.

Үшінші топ-технологиялық жабдықталу деңгейі, алдыңғы аталған екі топпен салыстырғанда төмен, технологиялық тәртіпті сақтап, қалыптастыруға дайын емес фермерлер.

Осы аталып өткен жоспарлар мен шаралар Ауыл шаруашылығы министрлігінің тарапынан IT-мамандарға жүгініп, оларды агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру жобаларын жүргізуге тарту арқылы орындалуда. Ауыл шаруашылығы саласын цифрландыру мақсатында қолға алынған әрбір жобаның өзектілігі, дәйектілігі мен қаржылық шығындарын зерделеуге, өнімділікті анықтауға халықаралық ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдерінен тұратын сарапшылық кеңес қызмет етуде. Агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, еңбек өнімділігін жоғарылатуға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, салаға тың инвестицияларды

тартуға жағдай жасайды. Ауыл шаруашылығы министрлігінің хабарлауынша, агроөнеркәсіптік кешендегі өнімділікті 2025 жылға дейін шамамен 40 млрд.теңгеге дейін жеткізу күтілуде[5].

### Әдебиеттер тізімі

1. Байгісіев М. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу.-Алматы:Раритет, 2010.-86 бет.
- 2.Нұрғалиева А.А. Агробизнесі ұйымдастыру:оқу құралы/.-Алматы:Экономика.-2015.-38-39 б.
- 3.[Электронды ресурс] АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ЦИФРЛАНДЫРУ;ҚАЗІРГІ АХУАЛЫ, ӘЛЕУЕТІ, БОЛАШАҒЫ, ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ (2019), <https://ult.kz/post/agroonerkasip-keshenin-tsifrandyru-kazirgi-akhualy-aleueti-bolashagy-alemdik-tazhiribe>
- 4.Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №960 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960>
- 5.[Электронды ресурс] Цифрландыру:АӨК-нің инновациялық жобалары (2018), <https://strategy2050.kz/news/51207/>

### Event-менеджментті ұйымдастыру тәсілдерін жүйелеу

А.С.Муканова<sup>1</sup>, М.М. Хасенова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Менеджмент кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м.

<sup>2</sup>«Менеджмент» мамандығы бойынша 2 курс студенті  
[makpalmusrepovna@gmail.com](mailto:makpalmusrepovna@gmail.com)

<sup>1,2</sup>Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Event-менеджмент – инновациялық өнімдер мен қызметтерді әзірлейтін және менеджмент бойынша кеңес беру салаларында жұмыс істейтін компанияларды жылжытудың ең тиімді әдістерінің бірі. Event басқарудың негізгі ерекшеліктері анықталды,құрылымын сипаттайтын ұсыныстар әзірленді. Осы мақалада келтірілген зерттеулер event-менеджментті жүргізудегі тиімді жолдарын көрсее отырып, қолданыста керек ұсыныстарды енгізеді, бағыт-бағдар береді.

Кілт сөздер: event- менеджмент, басқару, табысты Event-ті ұйымдастыру.

Оқиғаларды басқару (Event management) - компания үшін мақсатты аудиторияны тартуды көздейтін арнайы іс-шараны жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және басқару кезінде қарастырылатын әрекеттер мен шаралардың жиынтығы. Event-менеджмент конференцияларды, конгресстерді, концерттерді, көрмелерді, фестивальдерді және рәсімдерді қамтуы мүмкін ауқымды іс-шараларды орындауға арналған әртүрлі функциялардан тұрады.

Event-менеджменттің жоғары тиімділігі мынада: басқарудың бұл түрі компания мен оның өкілдеріне сарапшы мәртебесін бекітуге мүмкіндік береді. Тұтынушыға ұсынылатын тауарлардың немесе қызметтердің негізгі сипаттамаларын жеткізуі түсінікті әрі тиянақты. Алайда, әр компания event ұйымдастырғанда елеулі жетістіктерге жетпей, керісінше, көптеген ресурстарынан айырылып, күтілетін нәтижені көрмейді. Мақсатқа жетпеудің 3 негізгі себебі бар:

1) Нақты жоспар мен болжамдар жоқ.

2) Оқиғаның негізгі ерекшеліктерін есепке алмай, интуитивті жұмыс жасау, жүйенің жетіспеушілігі.